

# Ғылыми мансапқа жетудің табысты жоспарын құру

## Мазмұны

### Алғы сөз 2

Кіріспе 4

1. Мансапты жоспарлау 7
2. Ғылыми зерттеу саласын таңдау 11
3. Ғылыми жетекшіні таңдау 19
4. Тәлімгерді таңдау 25
5. Бірлескен ғылыми қызмет 29
6. Байланыстарды дамыту 35
7. Зерттеулердегі этика мен адалдық 39
8. Басылымыңыздың стилі мен пішімін таңдау 43
9. Басылым көздерін таңдау 49
10. Грантқа өтінім дайындау 61
11. Өндірістік және академиялық мекемелермен ынтымақтастық 69
12. Конференцияларға қатысу 75
13. Ғылыми ұйымдарға мүше болу 81
14. Жетістіктеріңізді жарнамалау 85
15. Өмірбаян 93
16. Ғылыми стипендияға өтінім беру 97
17. Жұмыс іздеу немесе мансап бойынша жоғары көтерілу 101
18. Әдебиет 106
19. Профессор Алан Джонсон жөнінде 116

### Алғы сөз

Бүгінгі таңда ғалым болудың екі жағы бар. Бір жағынан, ғалымдар Elsevier компаниясы құрған SciVerse Scopus және SciVerse Science Direct сияқты мәліметтер базасы сынды құралдар арқылы дүние жүзі бойынша теңдессіз көлемдегі ақпараттарды тез және де оңай алады.

Жаһандық коммуникациялық технологиялар бұрын мүмкін болмаған дара, ұлттық және халықаралық деңгейдегі қатынаста болуға мүмкіндік береді.

Бұл өз кезегінде тұтастай зерттеу барысын, яғни қаржыландырудан бастап зерттеу жүргізу мен басылым жариялауға дейін жеңілдетеді.

Екінші жағынан, ғалымдарға бәсекеге қабілеттілігі өте жоғары ғылыми ортада жұмыс істеуге тура келеді. Грантқа жүгіну мөлшері үнемі өсуде, қаржыландыру мөлшері қысқаруда, ал қаржыландырушы мекемелер талаптарын күшейтіп, нәтиже талап етуде. Жағдайдың екі жақтылығы бүгінгі таңда ғалымдардың көбейіп жатқан ақпараттың көлеміне сапалырақ, кеңірек және тезірек қол жеткізулеріне болады, сонымен қатар, осы қорларды алу үшін қаржыландыру көздері мен зерттеу мақсатына қол жеткізу аз және үнемі азаюда. Жағдайдың осылай екі ұшты болуы, әсіресе, жас ғалымдарға

әсер етеді. Қазіргі таңда ғылыми білім мен ғылым докторы дәрежесін алып өздерінің әлеуетін жақсы сезінеді. Бірақ та көп жылдық тәжірибесі жоқ болғандықтан, грантқа өтінім тапсырғанда ыңғайсыз жағдайда қалады. Олар белгілі бір салаға жаңа келгенімен және жаңа перспективалы болғанымен, жас ғалымдарға, егер олардың тобында үлкендер болмаса, қаржыландыратын мекемелер жиі грантты бергілері келмей, құлықсыз береді. Бірақ, тәжірибесі көп болған сайын, жауапкершілігі де мол болады, сондықтан ардагер ғалымдардың өздерінің жас әріптестеріне тәлімгер болуларына уақыттары да, уәжі де, күш-қуаты да жетпей жатады.

Қаржыландырусыз жас мамандар жемістілігін жоғалтуы мүмкін, бұл олардың ғылымға қосатын үлесін төмендетеді. Тәлімгер мен басшылық болмаса, олардың мансабының дамуы баяулауы мүмкін. Мемлекеттік, үкіметтік, салалық және ғылыми орталар жас ғалымдарға қолдау көрсетуге жауапты.

Elsevier ғалымдарға өздерінің білімдерімен, ғылыми ұйымдармен алмасуға, өз жұмыстарын жариялауға, өз нәтижелерін бекітуге мүмкіндік береді, сонымен қатар, әріптестерінің жұмыстарын бағалауға, қаржыландыру көздерін, серіктес авторлар іздеуге және зерттеулерінің бағыты мен олардың әсерін анықтауға көмектеседі. Бірақ, бірінші кезекте ғылыми мансаптың табысты жоспарын құру керек. Профессор Джонсонның басшылығы берік негіз қалауға қажетті құралдарды береді.

Джей Катцен, басқарушы директор, ғылыми-білім беретін және мемлекеттік сектор, Elsevier.

### **Кіріспе**

Құттықтаймыз! Соңғы бірнеше жыл бойы Сіз докторлық атақты (Ph.D.) ғылым докторы) немесе немістілді елдердегі эквивалентті Dr.reg.nat. атағын алу үшін, не болмаса философия докторы (D.Phil.) атағын алу үшін табанды еңбек еттіңіз және әлі де осы бағытта жұмыс істеп келесіз.

Қазір сіздің дағдыңыз, тәжірибеңіз, ең бастысы жаңа ғылыми мансапты бастауға халықаралық құрметіңіз (мойындау) бар.

Соңғы 5-10 жылдың ішінде беделді зерттеу қызметтерін алу үшін бәсекелестік өсті. Соның салдарынан көрнекті ғылыми жетістіктердің орнын еш нәрсе баса алмаса да өзінің ғылыми мансабының басында тұрған ғалым ретінде Сіз ғылыми мансабыңызды оңтайландыратын және ғылыми жетістіктеріңізді толықтыратын бірнеше бағыттарды жоспарлауыңыз және жұмыс жүргізуіңіз қажет.

Сізге жоспар қажет. Мына нұсқаулықта Сіздің қажеттіліктеріңізге сай келетін мансаптық жоспар құру кезінде ескеру керек болатын негізгі пункттер берілген.

Нұсқаулық жас ғалымдарға арналғанымен, жасы үлкен ғалымдар мен ғылыми жұмысқа жауапты адамдардың да қазіргі таңда жас ғалымдарды қолдау мен жетекшілік етуге не қажет екендігімен танысқандары жөн. Сондықтан, нұсқаулықтың бір данасын беріңіз не болмаса оқып болған соң бір данасын беріңіз.

Нұсқаулық халықаралық ғылыми мәселелерді: ғылыми пәндер, елдер, зерттеу әдістері мен ұйымдар арасындағы ерекшеліктерді мойындай отырып, үлкен ауқымда қарастырады. Мысалы, әр елдің ғылым докторын дайындау формасы бар. Сонымен қатар әлемдік масштабта жас ғалымдарды ресми анықтаудың ерекшеліктері бар. Мен жас ғалымды ресми анықтап жатпай, барлық халықаралық мойындалған ғылыми атақтарға сәйкес (Ph.D.) ғылым докторы терминін қолдана беремін. Бұл нұсқаулық ғылым докторы атағын қашан алғанына қарамастан, ғылыми мансабын енді жоспарлап, жобалаған ғалымдар үшін жасалған.

Әлбетте, ғылыми пәндер арасында көптеген айтарлықтай ерекшеліктер бар. Гуманитарлық және шығармашылық ғылыммен айналысатын ғалымдар, әдетте, жеке-дара немесе кішігірім мамандандырылған топтарда жұмыс істейді. Көбіне оларға аздаған физикалық қорлар жетеді. Мысалы, басқа ғылыми салалардағы ғалымдарға қарағанда, зерттеулер жүргізу үшін қаржыландыру аз кетеді. Екіншіден, биология саласында жұмыс істейтін немесе физика саласындағы зерттеу орталықтары сияқты ірі ғылыми топтар тұр. Оларға кең ауқымды зерттеу инфрақұрылымын жасау мен оны ұстап тұру үшін көлемді қаржыландыру қажет. Бұл – кең тараған жағдай.

Осыған ұқсас жағдай берілген ғылыми пәндер аясында жүзеге асырылатын зерттеу түрлерінің арасында көптеген өзгешеліктер бар.

Еуропалық одақта Фраскати берген ғалымның анықтамасы мынадай:

«Жаңа білімдер, өнімдер, процестер, әдістер мен жүйелер құруға, сонымен қатар, сәйкес жобаларды басқаруға қатысатын кәсіпқойлар».

Ал, зерттеулер мен тәжірибелік зерттемелер дегеніміз – білім базасын, соның ішінде адам туралы, мәдениет пен қоғам туралы білімді арттыруға арналған жүйелі түрде жүргізілетін, сонымен қатар осы білім базасын жаңа қосымшалар жасауға қолданатын шығармашылық қызмет.

Жай сөзбен айтсақ, зерттеулер үш түрге бөлінеді:

1. Негізгі базалық зерттеулер – эксперименттік немесе теориялық зерттеулер, оларды жиі фундаменталдық немесе “blue sky” «білім үшін білім» деп атайды.
2. Стратегиялық, фундаменталдық зерттеулер – эксперименталдық немесе теориялық зерттеулер, бірақ жиі жаңа білім алуға, пайдалы жаңалықтар ашуға немесе практикалық есептерді шешуге қолданылады.
3. Қолданбалы зерттеулер – өзіндік жұмыс, белгілі бір мақсаттарға жетудің жаңа әдістерін анықтау үшін немесе жаңа әдістеме жасау үшін қолданылады.

Бұл халықаралық деңгейді қамтитын ереженің не нұсқаулықтың кездестірген қиыншылығы, әр түрлі ғылыми пәндер аясындағы әр түрлі зерттеулер, әр түрлі типті ұйымдарда жүргізілетіндігі болып табылады.

Ғалымдар мемлекеттік және жекеменшік университеттерден өзге мемлекеттік ғылыми зерттеу институттары, жекеменшік зерттеу институттары, коммерциялық емес ұйымдар, медициналық ғылыми зерттеу институттары, жекеменшік коммерциялық және салалық ғылыми зерттеу

компаниялары сияқты білім берумен айналыспайтын ұйымдарда жұмыс істейді.

### **Мансапты жоспарлау**

Сіздердің араларыңызда жұмыс істейтіндеріңіз, сонымен қатар, оқытушы қызметін де атқарады, оған қоса қоғамдық жұмыстарды орындауы немесе ішкі басқаруға қатысуы керек. Ғылыми зерттеу институттарында немесе коммерциялық компанияларда жұмыс істейтін ғалымдар да, тікелей ғылыми қызметтен бөлек, бірнеше басқа да қызметтерді атқарады. Көптеген ғалымдар, әсіресе мансабын енді бастағандар тек өздерінің зерттеулеріне ғана көңіл бөлуге мүмкіндіктері бар. Сонымен қатар, зерттеу жұмысынан басқа, сіздің жұмыс уақытыңыздың ішінде көптеген қажеттіліктер болады, бірақ бұл Ережеде оқытушылық не коммерциялық мансапты жоспарлау ниеті жоқ. Ереже сіздің бақа міндеттеріңізді қарастырмай, сіздің мансабыңыздың зерттеу элементіне тоқталады. Көп жағдайда сіз қанша уақытыңыз бен күшіңізді басқа қажеттіліктеріңізге жұмсайтыныңызды шешуіңіз керек. Шын мәнінде қажеттіліктердің болуы, ғылыми мансапты жоспарлау кезіндегі стратегиялық жоспарға басқа да міндеттер мен қажеттіліктерді қосуға негіз болады.

Жоспардағы кезеңдер ешқашан жүзеге аспауы мүмкін, проблемаларға бетпе-бет келуі мүмкін немесе ойлағаннан да тез орындалуы мүмкін бірақ мұның бәрін де шешуге болады және жоспарды тексеріп, зерттеу мақсатына жетуде өзімізге көмектесуіміз керек. Тіптен жоспар болмағаннан гөрі, уақыт өте келе түзетуге болатын жоспардың болатыны әлдеқайда жақсы емес па.

Сіз немен айналыссаңыз да, қызметіңіздің бағытын ойластырылған шешімдердің негізінде таңдауыңыз керек. Докторлық атағыңыздың болуы бәсекелестікте басымдылық болмайды және де ғылыми мансабыңызды «өмір ағынына» қоя беруге болмайды. Ғылыми мансапқа келуіңіз әрекет етуге емес, алдын ала болжауға негізделуі қажет. Шындығында көбіне оқытушылыққа, қоғамдық немесе коммерциялық қызметке көңіл бөлгендердің өзі осы салаға қатысты жоспар құруы керек.

Ғылыми мансап үшін маңызды болып табылатын әр түрлі комиссиялар мен комитеттер бар. Журналдың редакциялық кеңесіне сарапшы-рецензент болу немесе грантқа берілген өтінішті қарайтын комиссия құрамында болу өте абыройлы іс (мұны өмірбаяныңызға енгізсеңіз болады). Сонымен қоса бұл Сіз үшін тәжірибе болып табылады. Себебі, Сіз біреудің жұмысын сынау арқылы өз зерттеулеріңізді қалай дұрыс құрастыруды немесе жұмысыңызды қалай жариялауды я болмаса грантқа өтініш беруді үйренесіз.

Әрине, өздерінің ғылыми мансабының маңыздылығына қарамастан, тіпті, ғалымдар да әлеуметтік контексте өмір сүреді. Сонымен қатар жұмыс пен жеке өмірдің арасындағы тепе-теңдікті сақтау өте маңызды.

Көптеген атақты ғалымдар тамаша оқытушылар болып табылады. Олардың ғылыми қызметінен басқа толыққанды жеке өмірі мен кәсіби өмірі бар. Бұл олардың жоғары нәтижелі зерттеулерін толықтыру болып табылады. Бұл олардың ғылыми мансабына жетуде қолданған және дамытқан тұлғалық және басқарушылық біліктіліктеріне байланысты.

Көптеген нәрселер тынымсыз еңбектің нәтижесінде келеді. Жеке өмір мен жұмыстың арасындағы тепе-теңдіктің маңыздылығына қарамастан, ғылыми мансабыңыздың әр кезеңіне қанша уақыт бөлетініңізді өзіңіз шешесіз. Зерттеудің қандай түрімен айналыссаңыз да, қандай ұйымда жұмыс істесеңіз де, ешқайсысы мақсатты бағытталған, жақсы жоспарланған, тиімді тынымсыз еңбекті алмастыра алмайды. Келесі тарауларда қазіргі айтып отырған тынымсыз жұмыс, жақсы зерттеулердің жоспарының бір бөлігі болуы керектігі, лабораториялық зерттеулер, әдебиеттерді талдау мен шығармашылық жұмыстар басталған кезде, жұмсалатын күш мөлшері минимум болуы керектігі жайлы ашып түсіндіріледі. Мүмкін мұны «тынымсыз еңбек» емес, «ақылмен жұмыс істеу» деп атау керек шығар. Бұл Ережедегі ақпарат сізге ақылмен жұмыс істеуге көмектеседі.

### **Ғылыми зерттеу саласын таңдау**

Сіз докторлық атақты беспен бітіру үшін бірнеше жыл күндіз-түні, аптасына 6 не 7 күн жұмыс істедіңіз. Сіз өзіңіз докторлық қорғаған, - ежелгі вавилон жазуы немесе жапон «укие-э» гравюрасы кезеңінің экономикалық тарихы сияқты саланың әлемдік сарапшысы болдыңыз.

Мүмкін Сіз, астрономиядағы галактикалардың пайда болуының жаңа теориясын аштыңыз немесе сіз әлемде кәдімгі пневмония вирусының гендік тәртібін айқындаған жалғыз адамсыз. Сіздің диссертацияңызда жазылған нәтижелер, сөз жоқ, өте маңызды. Бірақ, докторлық атақтың мәні бұл емес.

Ph.D докторлық атағы – бұл ғылыми зерттеудің атағы және сіз таңдаған ғылым саласын түсіну мен зерттеу барысында сіз зерттеу дағдысына ие болып, дамытуыңыз керек еді, соған ұқсас пәндердің қатарында зерттеу жүргізуді үйренуіңіз тиіс еді.

Докторлық диссертацияның тақырыбы тар шеңберде қарастырылғанына қарамастан, жүргізілген зерттеулер халықаралық контекске қосылуы керек еді. Тіпті, докторлық диссертацияның өте кәсібиленген, локальды тақырыптары ең құрығанда, пәнмен айналысып жүрген қауымдастық үшін пайдалы болуы керек. Сөйтіп, сіз кіретін топтар, сіздің жанұяңыз, сіздің ғылыми жетекшіңіз бен емтихан комиссиясы қарағанда, ауқымдырақ топтар үшін жұмыстың маңыздылығы арта түсер еді.

## **Жариялау форматының стилін таңдау.**

Сіз зерттеу жұмысын жазып, оны баспаға бергенде тек қана бір түрдегі форматпен тоқталып қалмауыңыз қажет. Зерттеу нәтижелерін алудың бастапқы этаптарында және мақала басында баспа форматы көп нәрсені айқындап бере алады.

Зерттеу жұмыстарыңыздың нәтижесін баспаға жариялау – өте маңызды, бұл тұста сіз қандай форматты қолдансаңызда. Әлбетте егер сіз өзіңіздің жасаған зерттеу жұмыстарыңыздың нәтижесін белгілі бір басылымдарда жариялап тұрмасаңыз, әрине сіздің жұмысыңыз туралы ешкім ештеңе білмейтін болады. Жасалған зерттеу жұмыстарының нәтижесін басылымға мақала етіп жариялау

оңай процесс емес, және ол сіздің зерттеу жұмысыңызға өте қажетті. Өйткені сіздің жасаған зерттеу жұмысыңыздың барлық алынған дәл нәтижелерге толы мәндері бар толық мазмұнды жоғары дәрежелі мақала болса сіздің осы мақала арқасында қандайда бір гранттарға қол жеткізуге немесе мансабыңыздың көтерілуіне көп пайдасы тиеді. Сіздің ғылыми еңбектеріңіздің өз әріптестеріңіздің арасында қажеттілігі туып, оны қолданғандығы туралы сізде құжат түріндегі дәлеліңіз болмайынша сіз ғылыми грант табыстайтын инвесторларға, білікті маман комиссия мүшелеріне, немесе жаңа жұмыс берушілерге сіз өзіңіздің жасаған ғылыми зерттеу жұмыстарыңыздың қаншалықты жақсы жасалғандығын және зерттеу барысында алынған нәтижелеріңіздің қаншалықты сенімді екендігін дәлелдей алмайсыз. Ал ол дәлел әрине сіздің зерттеу нәтижелерінен басып шығарылған мақалаңызға жасалған сілтемелерге байланысты.

Әрбір ауқымды ғылыми пәндер белгілі бір баспа форматына байланысты айқындалады. Гуманитарлық немесе қоғамдық ғылымдарда кітап жазу немесе монографияларды баспаға беру форматы қолданылады. Ал жаратылыстану ғылымдарында, инженерлік және техникалық ғылым салаларында көбінесе зерттеу жұмыстарына байланысты жазылған мақалалар журналға басылып шығарылады. Информатика және ақпараттық технологиялар ғылымы саласында еңбек ететін ғалымдар өз жұмыстарының нәтижесін электронды түрде немесе конференцияларда презентация түрінде халық назарына ұсынады. Ал мәдени ғылыммен айналысатын адамдарға мысылы, музыканттар, суретшілер, мүсіншілерге олардың жасап жатқан жұмыстарының өзі оны жарыққа шығыру болып табылады. Дегенмен оларда осы еңбектерін белгілі формада құжаттандырулары қажет, мысалы тұрақты өткізіліп тұратын көрме ретінде немесе т.б формада. Осыған қарап отырып олардың еңбектерінің өз әріптестері арасында алар орнын айқындай алуға болады.

Келесі тарауларда **мен сізге зерттеу жұмыстарыңыздың нәтижесін жариялау үшін мақалаңызды журналға жазу барысында қандай факторларға сай жұмыс жасау керектігіңіз** туралы баяндап беретін боламын, ал осы бөлімде баспаға беру кезіндегі мақала стилі мен форматын таңдау мәселесіне қатысты сурақтарды қарастырамыз. Мысалы, сіздің еңбегіңіз кітап ретінде немесе монография, журнал немесе электрондық түрдегі басылым, немесе

конференцияға арналған презентация ретінде жариялана ма, және қандай тілде жариялайсыз, ағылшын тілінде ме немесе өз ана тіліңізде ме? Ағылшын тілі халықаралық дәрежеде жасалған ғылыми зерттеу жұмыстарының жарияланатын ортақ келісілген басылым тілі болып табылады, сондықтан қазіргі таңда ана тілінде жарияланатын ғылыми жұмыстар саны азайып бара жатқандығы ешкімге құпия емес. Дегенмен сізге сіздің жұмысыңыздың өз еліңізде әріптестеріңіздің арасында мойындалуы қажет болған жағдайда өз ана тіліңізде жарияланғандығы дұрыс болып жатады.

Халықаралық форматта ағылшын тілінде жарияланған жұмыстың ұлттық форматта зерттеушінің өз ана тілінде жарияланған жұмысынан артықшылығымен қатар кемшілігі де табылып жатады. Дегенмен қай тілде жариялау қажеттігін таңдау барысында сіз барлығын ой елегінен өткізіп дұрыс шешім қабылдауыңыз қажет. Сіз халықаралық форматта ағылшын тілінде, ал ұлттық форматта өз тіліңізде жұмысыңызды жариялай аласыз. Көбінесе сіз ғылыми жолыңыздың ең басында сіз өз еңбектеріңізді жергілікті форматта өз ана тіліңізде мақала етіп жариялап жүруіңізге болады, кейін уақыт өте келе тәжірибеңіздің ұлғаюына байланысты халықаралық форматта мақалаңызды ағылшын тілінде жариялай аласыз. Шешімді зерттеудің әрбір этапында өзіңіздің ғылыми жетекшіңізбен, әріптестеріңізбен және кураторыңызбен ақылдаса отырып өзіңіз қабылдайсыз.

Зерттеу жұмысыңыздың нәтижесін жергілікті немесе халықаралық деңгейде жариялауды шешумен қатар сізге оны халықаралық дәрежедегі журналдар мен кітаптар шығаратын басылым арқылы ма, немесе жергілікті аса танымдылығы жоқ басылымға бересіз бе деген сурақ туындайды. Мұндай кездері шешімін табуда сіздің жасаған жұмысыңыздың сапасына және ғылым саласының маңыздылығына аса көп мән беріледі. Ал зерттеу жұмысын жариялау мәселесіндегі ең маңызды сурақ ол: уақыт жағынан алғанда аз мерзімде аса көп айтарлықтай нәтижеге жетпей тұрып мақала жариялау керек пе, әлде ұзақ уақытты мерзімде нақтырақ нәтижелерге қол жеткізіп барып, тек содан кейін ғана мақаланы жариялау керек пе? болып табылады.

Аталған екі жағдайлардың да өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Сіз таңдау барысында өзіңіздің сол кездегі жағдайыңызға қарайсыз. Сіз қандай да бір өзіңіз айналысып жүрген ғылыми зерттеу жұмысын тезірек бітіріп, оны докторлық



диссертацияңызды қорғағанша немесе аяқтағалы отырған жұмысыңыздан кетіп докторлық дәрежені алғанша мақала етіп жасап, басылымға шығарғыңыз келуі мүмкін. Сіздің әріптестеріңіз және ғылыми жетекшіңіз сізге зерттеу жұмысыңызды жарияламас бұрын тағы да қосымша зерттеу жұмысын қосуыңызды қалайтындығын білдірсе. Немесе сіздің кураторыңыз сізге зерттеу жұмысыңызға қатысты бірнеше журналға арналған мақала жазғаннанша, сол зерттеу жұмысына қатысты кітап басып шығаруыңызды қалаған жағдайлар да. Әрина аталған кеңестерге құлақ асу немесе оларға көңіл бөлмеу сіздің өз еркіңізде. Тек естен шығармау керек жалғыз жағдай – өз уақытыңыз бен күшіңіздің дұрыс жұмсалуды сіздің ғана қолыңызда.

Жас ғалымдарға арнайы өткізетін семинарлар барысында маған көбінесе «зерттеу жұмысының нәтижесін мақала етіп жарыққа шығарғанда сапасына көп мән беру қажет пе, әлде мақала саны ғана маңыздыма деген сауалдар қойылып жатады. сол кезде менің беретін жауабым әрқашанда «Иә, сіз өз зерттеу жұмыстарыңыздың нәтижесін қашанда сапалы дәрежеде көптеп жариялап тұруыңыз қажет». Шын мәнінде әрбір ғылым жолын қуған жас зерттеушіде өзінің мансаптық жолында сапалы жасалған жұмыстары негізінде сапалы мақалаларының жарық көруі шарт. Ал бұл шаруаның оңай болмайтындығы түсінікті және мақаланы жариялау үшін көп еңбек ету қажет. Жоғыда мен сізге мақалаңызды жарыққа шығару барысында ең аз бірлік жағдайын қолдануыңызға болатынын айтқан едім, (халықаралық деңгейде жарық көретін журнал басылымына ену мақсатымен аз көлемде жасалған ғылыми зерттеу жұмысын жарыққа шығару) енді одан да жаман нұсқасы ол – салями әдісі. (салями әдісі бойынша жариялау – бұл зерттеу нәтижесінде көбірек мақала жазып шығару мақсатымен зерттеу нәтижесін «бөліп – бөліп» жариялау болып табылады. Ал дәл осы зерттеу нәтижелерін бөлшектемей үлкен бір сапалы ғылыми мақала жазып шығаруға болады. Мұндай тәсілдерді тек белгілі бір жағдайларға негіздей отырып қана пайдалануға болады. Ал қалған жағдайларда үлкен көлемде, жоғары сапада атқарылған ғылыми жұмысыңыздың нәтижесін мақала ретінде жариялауыңыз қажет. Таңдау тек өз қолыңызда. Дегенмен сіздің алыстан бақылаушы кураторыңыз ретінде айтрим REF және ERA бақылау әдістерінде сіздің жариялаған мақалаларыңыздың аздаған саны бойынша жасаған жұмысыңыздың қажеттілігін анықтап береді.

Сондықтан менің сізге берер кеңесім: қашанда сапалы зерттеу жұмысын жасаумен қатар саны жағынын көбірек бірақ сапасы жағынан жоғары емес зерттеу жұмысын жазу деген екі шешімнен әрқашан сапасына аса мән бере отырып зерттеу жұмысын жасауға тырысыңыз. Зерттеу жұмысының сапасы әрдайым бірінші орындағы маңыздылыққа ие болып келеді, сондықтан оған көңілді көбірек бөлу қажет.

Әрбір ғылым саласында жасалған зерттеу жұмысының сапасын бағалау әр түрде болады. Мысалы информатика және ақпараттық технологиялар ғылымы бойынша Австриялық зерттеу және білім беру ассоциациясы (Computing REsearch and Education Association of Australasia (CORE)), және Австралия және Жаңа Зеландияның информатикалық университеттік факультеттерінің ассоциациясы бірігіп 4 деңгейлік рейтинг ойлап тапты. Оның негізіне 2008 жылы информатика және ақпараттық технология ғылымдары бойынша өткізілген 1400 конференция арқау болды. Осы рейтинг 2010 жылы Австралияд құрастырылған зерттеу жұмыстарының сапасын бағалау әдістері жинағына енгізілді. Ал гуманитарлық сала бойынша зерттеу жұмыстарының сапасын ғалымдар 15 гуманитарлық ғылым саласы бойынша жасалған ғылыми жұмыстар нәтижесін кітап түрінде жариялануына қатысты рейтинг жасауды қолға алмақ болып отыр, осы рейтинг Еуропалық гуманитарлы ғылымдар бойынша анықтамалық негізінде жасалып, Еуропалық ғылым фондымен (ERIH) (European Science Foundation) және Еуропалық комиссиямен қаржыландырылады. (ERIH) жобасының мақсаты Еуропа елдерінің гуманитарлық ғылым саласында жасалып отырған ғылыми зерттеу жұмыстарының жоғары сапалы болуына және көзге көрінерліктей жоғары жетістіктерге жетуін қамтамасыз ету болып табылады. (ERIH) жобасының келесі этапта алдына қойған мақсаты гуманитарлық ғылым саласында монографиялар мен ғылыми жұмыстардың жиынтығын жасап шығару. (ERIH) жобасының негізінде жарыққа шығатын жинақтың жаңа басылымы 2011 жылдың бірінші кварталында жарияланған.

Өзіңіз байқағандай зерттеу жұмысының нәтижесін жариялау барысында ғалымдардың көптеп жүтқнетін форматы мақала түрінде журналдарға шығару болып табылады. Ал сіздің сапалы жасалған жұмысыңыздың нәтижелерін қандай журналдарда жариялау қажет?



## **Жариялыным көзін таңдау.**

Сіз жасаған зерттеу жұмысыңыз бойынша мақала жазып оны журналға басылымға берер алдында сіздің ескеретін бірнеше факторлар бар. Ең негізгі фактор ол сіздің мақалаңыздың барлығына қолжетімді журналға немесе арнайы жазылу арқылы жүзеге асырылатын дәстүрлі журналға басып шығаруға байланысты болып табылады. Барлығына қол жетімді журналдардың пайда болуы соңғы бірнеше жыл ішінде әсіресе ғаламтор желісінің қолданылуының еселенуімен қарқынды дамып кетті. Олар қарапайым әлеуетті оқырмандарға тегін оқу мүмкіндігін береді. Бұл құбылыс көбінесе халықаралық қаржыландырушы

ұйымдардан қолдау тауып отырады, және олар сіздің жұмыстарыңыздың осындай қолжетімді желілерде жарық көріп тұруын талап етеді, немесе солай кеңес береді. Мұндай қолжетімді басылымдарда жарық көрген мақалалар көбірек және тезірек танылады. Бірақ егер сіздің жұмысыңызды басқа ғылыми зерттеуші өзінің зерттеу жұмысына сілтеме жасай отырып қолданбаса, ондай танымалдылықтан сізге ешқандай пайда келмейді. Сонымен қатар тағы бір кемшілігі сіз осы жұмысыңыздың ашық қолжетімді басылымда жариялануына сіз өзіңіз ақысын төлейтіндігіңіз болып табылады. Ол сіздің зерттеу жұмыстарыңызға деп бөлінген қаражаттан алынып тұратын болады.

Әлі күнге дейін мақаланы енгізудің лайықтылығы ашық түрде олардың енгізілуіне қол қойымды баспаларда қарсы екендігі туралы көптеген наразылықтар болып жүр. Мақала жариялануының сіздің тамаша зерттеулеріңіздің ең басты себебі, ол сіздің әріптестеріңіздің мақаланы пайдалануы және авторларға сілтемелер болып тұр. Ол мұны өзгертудің басты себебі болып тұр. Негізінен сіздің зерттеу жұмыстарыңыздың нәтижесін мақала етіп жарыққа шығарудың басты себебі – ол сіздің зерттеу жұмысыңыздың өз әріптестеріңіздің арасында мойындалып, сілтеме жасауында болып табылады. Және жасалған сілтемелер арқылы сіздің зерттеу жұмысыңыздың және өзіңіздің дәрежеңізді анықтап алуыңның негізгі жолы. Сондықтан осы мәселе ашық талас-тартысты әңгіме болып отыр, және OpCit (Open Citation Project – Ашық көшіру жобасы) осындай дебаттардың кітапханасы болып табылады. OpCit жобасы Ұлттық ғылыми фондының біріккен зерттеу бағдарламасы мен халықаралық электрондық кітапханасының ақпараттық жүйесі бойынша біртұтас комитетімен қаржыландырылады. Мұнда 10 шақты ашық көздерден алынған жариялымдардың сілтемелеріне жазылған және жарияланған рефераттық жұмыстары бар. 2011 жылдың 18 наурызындағы мақаланың OpCit – та салынған 3 жаңа талқылауды нәтижелей алады.

« - Бұл зерттеу : мақалалар ашық түрінің артықшылығы оның қолдануында екенін көрсетеді, мұндай жағдайда 138,87 % шектелген үлесі бар мақалаға қарағанда жоғары. Әртүрлі пәндік орталарда әртүрлі артықшылықтары олардың ашық түрде жариялануында бар. Гуманитарлы ғылым Oxford Open журналында ауқымды әсері қайшы келеді. Oxford Open Journals ашық түрде

шығарылатын журналдың төмен импакт – факторы болсада оны пайдаланудың артықшылығы көбірек, импакт – факторы жоғары журналдарға қарағанда болып тұр.

Осы зерттеулердің негізгі нәтижесіне қарай, ашық түрде жариялымның берілу ғылыми әдебиетке оқырманын көбейте алады және ауқымды аудиторияға қол жеткізе алады, бірақ мақаланы мақаланы пайдалануға әсерін тигізе алмайды.

Ашық мүмкіндіктердің артықшылығы реалды болуында, себепті байланысыз, тәуелсіз болады, бірақ бұрмаланып кетеді. Ашық мүмкіндіктердің әсері көбірек пайдаланатын мақалаға әсері оның авторы сапалы көрсеткішке сүйенгендіктен, ашық мүмкіндіктерге не салу керек екендігін өздері ғана таңдайтынына көбеймейді, сапаның әсері үшін, пайдаланушылар өздері қалай пайдаланып, қолдануын таңдайды, ашық мүмкіндіктердің арқасында және жазылымға шектеу рұқсат алғанда. »

Ештеңеге қарамастан, кейбір елдер, оның ішінде Оңтүстік Корея, Қытай, Пәкістан өз ғалымдарына белсенді халықаралық журналдарда жариялымы үшін қаржылай қамтамасыз етіледі, бұл қаржыны алу журналдың жариялымға қатысы болмауы керек.

Айтарлықтай шынайы инженерлі және техникалық ғылымдарда журналдардың престижділігін және оның оқырмандарының құрамы 1-ші орынға қойылады, бірақ бұл сипаттамалар білімге арналған элеуметтік ғылымдарда маңызы аз болады « негізділігі», «анықтылық, жазу логикасы», «зерттеу әдісі» және «журнал тақырыбына сай келу» , осыларға қарағанда маңызы аз болады.

Нағыз Басқарманы жазудағы менің ең басты мақсатым сіздерді сапалы нәтижеге жеткізу, бірақ сіздер танымал журналдарды өз жариялымыңызға жариялауға қарай журналдарды қалай анықтайсыздар?

Мақалаңызды жарыққа шығару барысында журнал дәрежесін айқындап беретін негізгі нәрсе ол импакт – фактор болып табылады.

Алайда жоғарыда аталған ұйымдар арнайы рейтингтар жасай отырып журнал дәрежесін анықтауға өз үлестерін қосуда. Мысалы, Бирмингтегі Астонг университетінің бизнес – метебі 3 негізгі кілттік категорияға сүйене отырып, биснес және экономика саасына қатысты 800 журналды абыройлы журналдар қатарына енгізді.

2008 жылдың шілде айында Agence d'évaluation de la recherche edel'enseignement supérieur зерттеу сапасы мен жоғары білім біру сапасын бағалайтын француздық агенттігі ең сапалы журналдар тізімін құрып өз рейтингін жариялады. Олардың ойларына журнал сапасына қатысты рейтингтер осы журналдардың өзге журналдармен салыстырмалы түрде қажеттілігінің жоғары болуымен анықталынады.

Жұмыстың тақырыбы «жарнамалық щит» болып саналатындықтан, аз сөзді құрауы керек( идеалды түрде 10 сөзден артық болмауы керек), бірақ нақты анық сіздің жұмысыңыздың құрамын көрсетуі керек. Ол тек бір идеяны және тақырыпты білдіруі керек және басталғанда өте қажетті сөздерден тұрсын.

Кіріспе проблеманың маңыздылығына қарай аз ғана мәтіннен тұруы керек, гипотезалар және ғылым аумағын қарастырғанда. Ары қарай сіз нақты мақсатыңызды көрсетуіңіз керек және сіздің жұмысыңыздың нағыз қажеттілігінің қорытындысын, әсіресе бұл ғылым туралы алынған аумақтағы дәлелдер болса да.

Әдістер бөлімі әрқашан нақты және жеткілікті сипатталуы керек оны толықтай көрсете алу үшін, ал сандық зерттеулерге документтері және әртүрлі тестілеуден өткендігі болуы керек.

Қорытынды нақты, қажеттілігіне қарай статистикалық тексерілген болуы керек.

Анализ бөлімін құраңыз. Ол жеке бастан көпшілікке қарай ашылуы керек. Өз жұмысыңызды ғылыми әдебиеттермен байланыстырыңыз, тағы да теориямен , практикамен таңдаған пәніңізге қарай толықтырулар жасаңыз. Басынан өзіңіз қарастырған гипотезеларды, ғылыми сұрақтарды тексеріп және осы сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіздің жауабыңыз ретінді бірнеше нақты қолдаулар келтіріңіз, қысқа да нақты қандай түрмен сіз зерттегенде алынған қорытындылар тақырыбына сай екендігін тексеріңіз.

Журналдарда бірнеше жариялым осы ұсыныстарға жасаңыз. Сізге сенімді бастау грантқа шақыру үшін сізді жоғары бағалайтындығы көмек береді.





# Грантқа тапсырысты дайындау

Қазіргі кездегі сіздің жүргізіп отырған зерттеу жұмыстарыңыз басқа адамдармен ұйымдастырылған және қаржыландырылған. Докторлық диссертацияңыз бойынша ғылыми жетекшіңіз, ғылыми тобыңыздың жетекшісі немесе ұйымыңыздағы бөлім бастығы сізге зерттеу жұмысыңызды жүргізуіңіз үшін қаржы бөліп отырған. Соған қарамастан, егер ғылыми мансабыңыз жоспарлағаныңыздай дамыса, зерттеу жұмыстарыңыздың жетекшісі ретінде өз атыңыздан қаржыландыруға сұрау тастайтын уақыт та келіп жетеді.

Зерттеу жұмыстарыңызды қаржыландыруға өтініш тастар алдында немесе қаржыландыруға сұраныс тастау мүмкіндігін қарастырар алдында, сіз өзіңізге бірнеше сұрақ қойып, оларға қанағаттанарлық жауап алуыңыз керек, себебі зерттеу жұмыстарын қаржыландыруға бәсекелестік жоғары және ол айтарлықтай көп уақытты талап етеді.

Жоспарлағаныңыздай зерттеу жұмыстарыңызды қаржыландыруға сұраныс тастау туралы өзіңіздің кәсіби мансабыңыздың жалпы контекстінде ойлауыңыз қажет, себебі сізге зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін қаржы барлық уақытта бірдей қажет емес. Сіздің зерттеу жұмыстарын жүргізуге ұмтылысыңыз бен қаржыландыру арасында қандай байланыс бар? Қаржыландыруға өтінішті не үшін бересіз? Қаржы сізге қандай мақсаттар үшін қажет? Зерттеу жобаның табысты жүзеге асыру үшін сізге кем дегенде қанша мөлшерде қаржыландыру керек? Берілген сұрақтарға қанағаттанарлық жауап алғаннан кейін барып сіз қаржыландыруға сұраныс тастау жауапкершілігінің жоғары екенін түсінесіз, міне содан кейін ғана барып өтінішіңізді дайындағаныңыз жөн.

Өзіңіз ұсынып отырған зерттеу жұмыстарының мәнділігіне сенгеніңіз дұрыс, сол кезде ғана әріптестеріңізді де осыған сендіресіз. Осы уақытқа дейін мен сіздің алдыңғы жасаған еңбегіңіздің нәтижелерінің жарияланымдары жайында айтып келдім, енді сіз әріптестеріңізді ауқымды қаржыны дәл сіз сияқты дәлелді айғақтар келтірген басқа ғылыми топқа емес, сізге сеніп тапсырулары қажет екеніне сендіруіңіз керек.

Егер сізге ақша қажет болған жағдайда, оны қайдан алуға болады?

Көптеген елдерде ұлттық қаржыландыру ұйымдары бар, ал кейбір елдерде тіпті зерттеу жұмыстарын қаржыландыруға арналған мемлекеттік ұйымдар бар. Кейбіреулері, мысалы үшін DFG (Герман зерттеу агенттігі - DFG), MdeiFSetde R (Франция ғылым және жоғары білім беру министрлігі) және ғылым бойынша Тайвань Ұлттық Кеңесі барлық ғылыми дисциплиналар бойынша

қабылдайды. Ал басқа, Үнді Әлеуметтік ғылым саласындағы зерттеу жұмыстары бойынша Кеңесі, жаратылыс және техникалық ғылымдар саласындағы зерттеулер бойынша Канада Ұлттық Кеңесі, Ұлыбритания Ғылыми кеңестері және АҚШ Ұлттық ғылыми қоры тәрізді, сондай ақ АҚШ денсаулық сақтау Ұлттық институты нақты зерттеу дисциплиналарына назар аударады.

Олардың вебсайттары және бағдарламалары бар ашық порталдары өте үлкен ауқымдағы мәліметтерді сақтайды және ол мәліметтерге оңай қол жеткізуге болады. Сонымен қатар, көптеген қаржыландыратын ұйымдардың бөлетін гранттарына өтініштер бойынша мәліметтерді толығымен көрсететін бірнеше вебсайттар бар. Ғылым салаларында оқуға және зерттеулерге қаржыландыру іздеу үшін арналған кешенді ақысыз ресурстар бар. Мысал ретінде, GrantsNet.Grants.gov - бұл АҚШ-тың федералды басқару гранттарын іздеу және өтініш беруге арналған ресурсы. Research.gov және Science.gov нақты бір гранттармен байланысты ҒЗТД (Зерттеулер мен тәжірибелі дайындамалар) нәтижелері туралы мәліметті ұсынады. Grants.gov Ұлттық ғылыми қор гранттары бойынша мәліметтерді сақтайды, алайда, Ұлттық ғылыми қордың өзінің жеке сервисі бар. Ол жерде Ұлттық ғылыми қор және қаржыландырылатын жобалар мен гранттар бойынша жаңа мәлімет пайда болған сәтте сізді электронды пошта арқылы хабарландырады. DFG тіпті Пекинде (Қытай герман зерттеулерді дамыту орталығы), Москвада, Делиде, Вашингтонда және Токиода өкілдіктері бар.

Сондай-ақ, халықаралық зерттеу бағдарламаларын қолдай отырып, қаржыландыруды жүзеге асыратын ұйымдар бар. Олардың ең іргелісі Европалық Кеңес бағдарламасы болып табылады. Ағымдағы бағдарлама - бұл жетінші Рамкалық бағдарлама, ол «Адамзат», «Мүмкіндіктер», «Ынтымақтастық» және «Идеялар» тәрізді салаларда жүзеге асырылатын зерттеулерді қаржыландырады. Мұнда, сонымен қатар, сіз тіркелген салаларда жаңа жобалар бойынша мәліметтерді тарататын сервис бар, хабарландыру электрондық пошта арқылы таратылады.

Халықаралық бағдарламаларды қаржыландырудың тағы бір мысалы ретінде, Human Frontier of Science Program (HFSP) алуға болады. Бұл бағдарлама зерттеулерге грант көмегімен, ғылыми ынтымақтастықтар және семинарлар көмегімен ғылым саласындағы халықаралық масштабтағы зерттеулерді алға жылжытады. HFSP гранттары әр түрлі мемлекеттерде өмір сүретін және әр түрлі ғылыми дисциплиналар бойынша қызмет ететін ғалымдар тобы арасындағы ынтымақтастықты болжайтын жаңашыл коллаборациялар үшін мүмкіндік туғызады. Жақында Үлкен Сегіздік елдерінің (Канада, Франция, Германия, Жапон, Ресей, Ұлыбритания және АҚШ) ғылым саласы бойынша жеті Кеңесі (Италияның қатысуынсыз) қатысушы елдерде өздерінің алғашқы біріккен халықаралық ғылыми жобалар тендрі жайында хабарлады. Бағдарламаның орта-қауырттық мақсаты – кез келген уақытта қатысушы-ұйымдардың Ұлттық бағдарламаларынан қолдау таба алатын жан-жақты жобалардан тұратын іргелі банк құру. Бұл алғашқы тендр ғалымдарды тек бар ғылыми зерттеу топтарымен екі немесе үш жақты негізде ынтымақтастандыруға ғана емес, сонымен бірге, мүлдем жаңа және жемісті жан-жақты зерттеу ұжымдарын құруға ынталандырады. Алғашқы мұндай тендр жоғары өндірісті суперкомпьютерлер жасауға ерекше назар аударады, алайда, кейін денсаулық сақтау, азық-түлік қауіпсіздігі және ауыл шаруашылығы салаларында бастамалар жоспарланады. Ғылыми мансабыңыздың бастапқы сатысында тұрғаныңызға қарамастан және берілген халықаралық мега-бастамалардың сіздің мүмкіншілігіңізден тым алшақ екеніне қарамастан, сізге ондаған жылдардан соң, яғни сіздің ғылыми мансабыңыз шеңберінде, оларға қол жеткізу мүмкіндігінің көбеюі ықтимал екенін міндетті түрде білгеніңіз жөн. Сонымен қатар, зерттеу фокусының халықаралық үлгісі сіздің ғылыми мансабыңыз жолында өзгеріске ұшырайтыны анық.

Алайда сізге ақшаның көп мөлшерде қажет екеніне сенімдісіз бе? Ғылыми мансабыңыздың бастапқы сатыларында сіз қызмет атқаратын ұйымның ішкі ресурстары есебінен берілуі мүмкін кіші-

гірім бюджеттің зерттеулерді анағұрлым беделді және іргелі Ұлттық немесе халықаралық бағдарламаларды қаржыландыруға дейін дамытуға және өсіруге жеткілікті болуы мүмкін. Бұл, жоғарыда көрсетілгендей, өтініш беру рәсімін бастамас бұрын өзіңізге қоятын маңызды сұрақтардың бірі.

Алайда егер бұл үлкен емес ішкі қаржыландыруға өтініш немесе халықаралық қаржыландыру ұйымынан бөлінетін өте үлкен грантқа өтініш болса, онда бұл жағдайда, сіз өтінішіңіздің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін бірқатар үрдістер мен рәсімдерді сақтауыңыз қажет. Сіз қаржыландыруға өтініш беру туралы шешім қабылдаған соң, ең алдымен ұсынысыңызды жүз сөзбен түсіндіруіңіз қажет болатын жаттығуды орындауыңыз керек және оны өзіңіздің ғылыми жетекшіңіз бен кураторыңызға көрсетіп, талқылағаныңыз дұрыс. Сіздің үш жылдық зерттеу жобаның мақсаты қандай? Бұл жоба біткеннен кейін қандай нәтижелерге қол жеткізесіз? Бұл мәселеде ұқыпты болғаныңыз маңызды және сіз бен сіздің әріптестеріңіз қаржыландыру мерзімінде қандай жоспарларыңыз бар екенін нақты әрі түсінікті етіп ұсынғандарыңыз дұрыс. Қаржыландыруды ұтып алу үшін нәтижелі болудың маңызды екеніне қарамастан, нәтижелерді тым жоғары бағалау сіздің өтінішіңіздің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылата алмайды. Осыған ұқсас әдіспен сізге өтінішті зерттеу жетекшісі ретінде өзіңізді ұсынасыз ба, әлде сізге басқа кандидаттармен салыстырғанда жобаның жетістікке қол жеткізетініне кепілдік беруі үшін сәйкес машықтары мен тәжірибесі бар екенін қаржыландырушы ұйымдарға дәлелдеу үшін зерттеудің тете-жетекшілері қажет пе, осы мәселені шешіп алғаныңыз абзал.

Қаржыландыру бағдарламаларында сіз, өтініш беруге бөлінген уақыттың зая кетпеуі үшін сіздің жетістіктеріңіз сапа және көлем тұрғысынан алғанда жеткілікті ме, соны шешіп алуыңыз қажет, немесе сізге ең алдымен өзіңіздің жетістіктеріңізді жақсартып, содан кейін ғана өтініш бергеніңіз жөн. Мұнда зерттеу жетекшілерінің жетістіктері өте маңызды. Ғылыми жетекшіңіз бен кураторыңыздан кеңес алыңыз. Егер сіз өтініш беруді жалғастыру

туралы шешім қабылдасаңыз, сіздің жетістіктеріңізді күшейтуге көмек беретін жетістіктері бар зерттеудің тете-жетекшілері қажет пе? Егер қажет болса, онда көрсетілген тете-өтінішкерлермен жұмыс жасау тәжірибеңіздің болғаны жөн, нақтырақ айтқанда, бірігіп жариялаған еңбектеріңіздің болғаны дұрыс. Бұл жай ғана бірнеше адам «кіші-гірім ақша алу» үшін біріккендігін және анағұрлым тәжірибелі ғалымдар қаржыландыру мақұлданған соң жобаға өз үлестерін қоса алмайтындықтарын емес, керісінше, олардың ұзақ мерзімге ынтымақтастық орнатқандарын көрсетеді.

Осыдан кейін сізге қандай қаржыландыруды жүзеге асыратын ұйымға хабарласу керектіген шешуіңіз қажет. Өтінішіңіздің мақсаты берілген ұйымның мақсатымен және міндеттерімен сәйкес пе, соған көз жеткізіңіз. Сіздің ұсынған зерттеу жұмысыңызды қаржы бөлу үшін маңызды деп таппайтын ұйымдарға хабарласудың мәні жоқ. Мұндай мәлімет, әдетте, қаржыландырушы ұйымның сипаттамасында көрсетіледі, алайда берілген ұйымның соңғы бірнеше жылда қаржыландырылған өтініштері бойынша тақырыптар мен қосымша мәліметтерді оқып, зерттеп алғаныңыз дұрыс. Берілген қаржыландырушы ұйым зерттеудің қандай түрлерін ұсынады?

---

*Қаржыландыруға қол жеткізу үшін өтініш беруді дайындау кезеңінде ғалымдарды қолдау үшін құрлыған SciVal Funding ресурсы сізге қаржыландыру шарттарына талдау жасауыңызға көмек береді. Сіз жетістіктерді қаржыландыруды бағалау, өлшеу және стратегиялық жоспарлау үшін қаржыландыру бойынша берілген мәліметтерге қол жеткізе аласыз, қаржыландырудың белгілі бір бағдарламаларымен қандай басылымдар байланысты екенін біле аласыз, бұрын қандай ғалымдар және зерттемелер қаржыландыруға ие болғанын білу үшін қаржыландыру статистикасы арқылы мәлімет алуыңызға болады, сонымен қатар әріптестеріңізді табуға және ықтимал бәсекелестеріңіз туралы мәлімет жинауыңызға болады.*

Енді сізге, сіз өтініш берген қаржыландырушы ұйым ұсынған бағдарлама бойынша барлық мәліметпен танысуыңыз және оны түсінгеніңіз аса маңызды. Бәлкім, ең маңызды тармағы – берілген бағдарламаның келесі раундыда өтініштерді қабылдау күндерінің соңғы күнін білу болуы мүмкін. Ұлттық және халықаралық қорға хабарласқан кандидаттар арасындағы бәсекелестіктің жоғарылағаны соншалық, олар дәл сіздің өтінішіңізді күтпейді. Олар өте көп мөлшерде өтініштер қабылдайды және берілген өтініштер ұйым нормалары мен ережелеріне сәйкес болуы қажет, сондай-ақ өтініштер қабылдау аяқталуға бір күн қалғанға дейін тапсырылу керек. Бәсекеге қабілетті болу үшін сіз де сол мерзімге дейін тапсырып үлгеруге тырысыңыз.

Өтінішті жаза бастаған кезде берілген нақты бағдарламаға арналған бағалау критерийлерін басыңызда ұстаңыз. Кандидаттар жетістіктерінің арқасында қанша өтініштер таңдап алынды? Идея жаңалығы қаншалықты маңызды? Көзқарасыңыз бен әдіс-тәсідеріңізді сипаттауды қанша парақ көлеміне сыйдыра аласыз? Берілген қаржыландыру бағдарламасы салалық серіктестіктің қатысуымен фундаментальді және қолданбалы зерттеулерге назар аудара ма? Осының барлығы сіздің өтінішіңіздің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін маңызды процедуралық сұрақтар болып табылады.

Өтініш сапасын көтеруге көмек беретін бірнеше әкімшілік немесе анағұрлым нақты аспектілер бар:

- өзіңіздің ең мықты, үміт күттіретін жетістіктеріңізді көрсету,
- деректер тізімін емес мәселелерді және/ немесе қарама-қайшылықтарды көрсетіңіз және оларды қалай шешетініңізді түсіндіріңіз,
- қазіргі сәтте тақырыпты дамыту қалайша қаржыландыруды талап ететінін түсіндіріңіз,

- еңбегіңіздің ағымдағы халықаралық контекстке қалай кіретіндігін көрсету (зерттемелерді статикалық түрде сипаттамаңыз, керісінше динамикасын көрсетіңіз),
- басқалардың пікірі мен куәлік етуі көмегімен қызығушылық тудыратын өтініштерді растау,
- батыл мақсаттарды оңтайлы тәсілдермен ұқыпты орнын толтырыңыз, жауапкердің дәлелдерін, сонымен бірге мәселелердің батыл шешімдерін көрсетіңіз,
- нәтижелері туралы орасан зор және орындалмайтын мәлімдемелер жасаудан аулақ болыңыз,
- сіз сипаттаған нәтижелерге, шынымен де, грант әрекет ететін мерзім ішінде қол жеткізуге болатынына көз жеткізіңіз, өзіңіздің Ұлттық және халықаралық ғылыми қоғамдастықтарға қатысқандығыңызды көрсетіңіз,
- техникалық жаргондарды тым жиі пайдаланудан аулақ болыңыз,
- орфографиялық немесе грамматикалық қателер жібермеуге тырысыңыз, мәтіндегі жөнделмеген қателерге мұқият болыңыз,
- алдыңғы гранттар бойынша (егер қолдануға жарамды болса) жетістіктер туралы есептерді көрсетіңіз.

Жоғарыда сипатталған стратегия мен нұсқаулыққа сүйене отырып, сіздің зерттеу.

Жұмысыңызды қаржыландыруға берген өтінішіңіздің бәсекеге қабілеттілігін арттыра алатыныңыз күмәнсіз, ал мақұлданған өтініш сіздің ғылыми мансабыңыздың әрі қарай дамуын және сипаттамасын міндетті түрде арттыратыны сөзсіз.



